

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 14 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі қабылдаған 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауды көздейтін заң ұсынылып отыр.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге бітімгершілік туралы келісімге хаттама арқылы түзетулер енгізу бітімгершілік қызметінің құқықтық негіздерін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Мәселені ретке келтіру барысында халықаралық ұйымдардың бітімгершілік операцияларына қатыса алмайтындығы анықталды. Осыған байланысты ұйым мүшелерінің бірі үйлестіруші мемлекет ретінде әрекет етеді, ал қалғандары қажет болған жағдайда оған қосыла алады деген шешімге келді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше емес мемлекеттердің аумақтарында Біріккен Ұлттар Ұйымы бастамасымен жүргізілетін бітімгершілік операцияларында ұйымның бітімгершілік күштерін қолдану тәртібі нақты айқындалған.

Үйлестіруші мемлекет мәртебесі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қауіпсіздік кеңесінің шешімі бойынша кез келген мүше мемлекетке берілуі мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссияларына қатысу үшін хатшылығының мақұлдауымен үйлестіруші мемлекетке квота беріледі. Квота алғаннан кейін Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сол елді үйлестіруші мемлекет ретінде мақұлдай алады. Үйлестіруші мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымы қаражаты есебінен логистика, контингентті тасымалдау және қаржылық мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды. Әрбір мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссияларына қатысуы ерікті және қатысу дәрежесін дербес шешеді.

Хаттамаға 2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысында қол қойылды.

Жоғарыда аталған құжат Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес келеді, Ұжымдық күштердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық қауіпсіздіктің сын-қатерлеріне қарсы тиісті шаралар қабылдап, жедел және уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Негізінен Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық бітімгершілік процесінің белсенді қатысушысы болып табылады және аталған хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін маңызды құжат болып отыр.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен осы заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасына сәйкес Мәжіліс қабылдаған «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қорғаныс министрінің орынбасары Сұлтан Бүркітбайұлына.

Данным протоколом вводится дополнительное понятие «координирующее государство». Ранее Вами было озвучено, что подготовлен проект документа, который предусматривает основные условия по определению координирующего государства. Этот документ был направлен на рассмотрение государств – членов ОДКБ.

В этой связи возникают вопросы. Можете ли Вы пояснить условия и критерии выбора координирующего государства, предусмотренные в этом документе? И какие имеются замечания или предложения стран-участников? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қорғаныс министрінің орынбасары Қамалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Да, действительно, такое предложение от Секретариата Организации Договора о коллективной безопасности поступило, что координирующее государство такие вопросы должно решать. Сейчас это предложение находится на рассмотрении. Решение будет приниматься Советом коллективной безопасности, куда входят главы государств Договора о коллективной безопасности. По их решению будет определено координирующее государство, его задачи и функции.

ТӨРАҒА. Таким образом, любое государство – член ОДКБ может быть избрано Советом коллективной безопасности координирующим государством. Правильно?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Да.

ТӨРАҒА. Видимо, здесь будет принцип ротации. Дальше это в соответствующих положениях нужно будет предусматривать.

Келесі сөз сұрақ кою үшін депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған хаттама шеңберінде үйлестіруші мемлекет ұйымдастыру мәселелерін және БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларында ҰҚШҰ-ның Ұжымдық бітімгершілік күштерін қолдануды жан-жақты қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін айқындалады.

Осы міндет нені білдіретінін егжей-тегжейлі түсіндіріп берсеңіз.

Тағы бір сұрақ. Басқа ұйымдарда, мысалы, Солтүстік атлантикалық келісім ұйымында (НАТО) «үйлестіруші мемлекет» деген ұғым бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұлтан Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі уақытта халықаралық тәжірибеде бұндай ұғым жоқ. Бұндай ұғым тек Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік қызметінің шеңберінде бар. Сондықтан біз қазір осы ұғымды енгізіп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. «Үйлестіруші мемлекет» деген ұғым Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына кіретін мемлекеттердің бітімгершілік әскерлерінің Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатының аясында ғана бітімгершілік миссияларын жүзеге асыру үшін құрылады. Солай ғой, Сұлтан Бүркітбайұлы?

Үйлестіруші мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымымен жұмысты бірге ұйымдастырады, үйлестіреді. Сол үшін біз осындай келісімді ратификациялап жатырмыз. Солай ғой?

Халыққа дұрыстап түсіндіруіміз керек. Үйлестіруші мемлекет деген осы мемлекеттерді біріктіріп, басқа жаққа апарып бір іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекет емес. Бұл үйлестіруші мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымымен жұмыс істейтін, бітімгершілік миссияларын Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатының аясында жүзеге асыру үшін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына кіретін мемлекеттердің арасынан сайланатынын біз нақты айтуымыз керек.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қазақстанның әскери қызметшілері отыз жылдан бері бітімгершілік операцияларына қатысып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Непал, Батыс Сахара, Кот-д'Ивуар және Ливандағы миссияларына 500-ден астам қазақстандық әскери қызметшілер қатысты. Біздің 9 мыңнан астам әскери қызметшіміз тәжік-ауған учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы шекарасын қорғау міндетін атқарды. «Қазбат» қазақстандық бітімгершілік батальонының инженерлік-саперлік жасағының құрамында 300-ден астам әскери қызметші Ирактағы миссияны орындады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше басқа мемлекеттердің әскери қызметшілері таяу және алыс шет елдердегі ішкі және ұлтаралық қақтығыстардың алдын алуға және оларды жоюға дәл солай қатысады.

2022 жылдың 16 мамырында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның ұжымдық күштерін Біріккен Ұлттар Ұйымы бітімгершілік қызметіне қосу туралы бастама көтерді.

Осы бастаманы іске асыру үшін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Менің әріптесім баяндағандай, хаттама үйлестіруші мемлекеттің қамқорлығымен құрылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы бітімгершілік күштерін қолдану тәртібін белгілейтін келісімге өзгерістер енгізуді көздейді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы бітімгершілік күштерінің Біріккен Ұлттар Ұйымы операцияларына қатысуы, сөзсіз, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жататын елдердің әлемдік қақтығыстарды жоюға және бүкіл халықаралық қоғамдастық мүддесі үшін тұрақты дамуды қолдауға белсенді қатысып, осы бағыттағы ынтымақтастығы мен дайындығының көрінісі болып табылады. Бұл – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Біріккен Ұлттар Ұйымының әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті және әділеттілікті қамтамасыз етуге қол жеткізуіндегі маңызды үлесі десек болады.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып осы заңды қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Вашему рассмотрению представлен закон о ратификации соглашения между государствами – членами ОДКБ. Соглашение определяет вопросы юрисдикции и оказания правовой помощи по делам, связанным с временным пребыванием сил ОДКБ на территориях государств-членов. То есть оно регулирует, как разрешаются дела, когда военный одной страны, выполняя миссию в другой стране ОДКБ, совершает правонарушение – уголовное, административное или дисциплинарное.

Соглашение содержит:

механизм сотрудничества компетентных органов;

разграничение юрисдикции принимающей и направляющей сторон при совершении правонарушений;

порядок участия защитников, экспертов и специалистов, привлеченных для расследования правонарушений;

взаимное признание процессуальных действий и юридической силы доказательств.

К примеру, если наш военнослужащий, дислоцированный в Кыргызстан, совершает преступление в отношении нашего же военнослужащего, то он привлекается к ответственности по нашим законам и нашими органами. Если же совершает деяние в отношении военнослужащего принимающей стороны, то – по ее законам. Для закрепления следов преступлений, установлению и задержанию лиц, совершивших преступления, будут создаваться совместные следственно-оперативные группы.

В то же время просьба об оказании правовой помощи может быть отклонена, если есть риск ущерба суверенитету и безопасности, а также противоречит национальному законодательству запрашиваемой стороны.

Постоянные комитеты Сената дали положительные заключения.

Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности предлагает одобрить данный закон. Просим поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован заместителю Министра обороны.

Согласно статье 7 соглашения компетентные органы сторон могут обращаться друг к другу с запросами о передаче юрисдикции. В соглашении обозначено, что такие запросы рассматриваются в кратчайшие сроки.

В этой связи вопрос: почему в соглашении не были определены конкретные сроки для рассмотрения таких запросов, и какие сроки в контексте соглашения относятся к кратчайшим? Благодарю.

ТӨРАҒА. Сұлтан Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Это общепринятая международная практика. Ни одно из государств не определяет для другого государства сроки рассмотрения тех или иных вопросов. Одно государство обращается к другому согласно внутреннему национальному законодательству, они определяют сроки и дают соответствующие ответы и действия. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сұрақ қою үшін депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Главной военной прокуратуры.

В соответствии со статьей 8 данного соглашения выделение материалов уголовного дела в отдельное производство и передача задержанных лиц другой стороне могут не производиться, если такая передача отрицательно отразится на всесторонности, полноте, объективности расследования и разрешении дела.

В этой связи у меня вопрос: каков механизм определения степени отрицательного воздействия на расследование дела, и кто принимает решение об отказе в передаче задержанных лиц другой стороне? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас әскери прокурор Секенов Дастан Әбдіқадырұлы, жауап беріңіз.

СЕКЕНОВ Д.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

В Казахстане решение о передаче или отказе в передаче задержанного лица принимается Генеральным Прокурором либо его заместителями.

В странах – членах ОДКБ этот вопрос регулируется национальным законодательством. В принципе, в данном случае у них аналогично, как у нас, решение принимается Генеральным Прокурором.

Что касается механизма передачи, здесь имеется в виду, что в ходе проведения совместных учений может быть совершено преступление группой лиц. И в этой группе будут присутствовать представители других стран ОДКБ. В соответствии с этим соглашением мы должны передать другой стороне военнотружущего. Но может быть, что роль именно этого военнотружущего главенствующая, он может быть организатором преступления, у него активная роль, и его передача будет иметь негативное влияние на полноту, объективность следствия, соответственно, на законность вынесения решения по другим участникам преступной группы. Поэтому в таких случаях мы имеем право отказать в выдаче. И другие страны тоже.

Механизм принятия такой, что прокурор при передаче будет учитывать и позицию органа, производящего следствие, и опираться на все материалы уголовного дела. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо Сергей Михайлович, присаживайтесь.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Талқыланып отырған келісім жобасы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сай келетінін ескере келе оны қолдайтынымды білдіремін және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының ұжымдық күштері орналасқан жерлерде жедел-тергеу әрекеттерін талап ететін құқық бұзушылықтардың орын алу ықтималдығы туындауы мүмкін. Бұл ретте қаралып отырған келісім осы құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру кезіндегі юрисдикция және құқықтық көмек көрсету тәртібін белгілейді.

Келісімде жүйе күштері мен құралдары құрамына кіретін адамдарға қатысты қылмыстық және әкімшілік іс бойынша мемлекет құзыретті органының ынтымақтастық жасау тетігі айқындалған. Бұндай құзыретті органға әскери басқару органы, әскери бөлім командирі, сот, прокуратура, алдын ала тергеу, ішкі істер, қауіпсіздік органы мен арнайы қызмет жатады.

Ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында құралымдардың уақытша болуына байланысты юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша ынтымақтастық олардың құзыретті органдары арқылы жүзеге асырылады.



Келісімге сай процесс кезіндегі шығынды тарап өзі көтереді. Сондай-ақ тараптардың егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігі ескеріледі. Егер осы құқықтық көмек тарапының егемендігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтірсе, ұлттық заңнамасына қайшы келсе одан бас тартылады деп көзделген. Бұл мән беретін жайттар.

Келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасының мүддесіне және ұйым шеңберіндегі халықаралық міндеттемеге сәйкес келеді.

Осы айтылғандарды ескере отырып қаралып отырған заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы әскерлерін бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы заң ұсынылды. Ұжымдық күштерге жүктелген міндеттерді тиімді шешу үшін олардың жауынгерлік дайындығының жоғары деңгейі қажет.

Келісімге осыдан екі жыл бұрын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер қол қойған.

Келісімге сәйкес тараптар әскерлерді заманауи бір типті және үйлесімді қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен, сондай-ақ материалдық құралдармен қамтамасыз ету жөнінде келісілген саясат жүргізеді.

Әскерлерді материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету әр тараптың есебінен дербес жүргізіледі. Егер Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы елдерінің бірі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының басқа еліне әскер жіберсе және өз әскерлерін қамтамасыз етуде қиындықтар туындаса, онда қабылдаушы ел немесе келісім бойынша үшінші қатысушы ел бұл міндеттерді өз мойнына ала алады.



Келісімді ратификациялау Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының ұжымдық күштерін халықаралық қауіпсіздік қатерлермен күресу үшін жедел және жауынгерлік даярлау жөніндегі бірлескен қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы заңды қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

В своем Послании народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» от 1 сентября текущего года Глава государства отметил исключительную важность создания цикла производства с высокой долей локализации, которая позволит снизить зависимость от импортных поставок, а также работы по трансферу современных технологий и новых производств, что обеспечит нашу армию высокотехнологичным вооружением и военной техникой.

В этой связи возникает вопрос: исходя из этой задачи, предполагается ли внедрение новых технологий и производств по стандартам стран либо организаций, не имеющих отношения к ОДКБ?

ТӨРАҒА. Сұлтан Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Спасибо за вопрос.

Да, действительно, диверсификация оборонно-промышленного комплекса занимает важное место в обеспечении военной безопасности нашей страны. В настоящее время Министерством обороны совместно с уполномоченным государственным органом проводится работа по диверсификации закупок.

Требования, предъявляемые к оперативной совместимости Организации Договора о коллективной безопасности, само собой соблюдаются. Вместе с тем мы прорабатываем вопрос и с другими государствами, не входящими в Организацию Договора о коллективной безопасности, о приобретении наиболее передовых видов вооружения и технологий. Так, например, Казахстан приобретает беспилотные летательные аппараты у Турции, Израиля, Китая, а также приобретает военно-транспортную авиацию у испанских авиационных компаний. Кроме того, мы имеем и другое стрелковое вооружение западных государств, в том числе Соединенных Штатов Америки. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Келісімнің 3-бабына сәйкес тараптар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы әскерлерін қару-жарактың қазіргі заманғы бір үлгідегі немесе үйлесімді үлгілерімен, сондай-ақ материалдық құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған келісілген әскери-техникалық саясатты жүргізеді.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы» Заңға сәйкес еліміздің Қорғаныс министрлігіне Қарулы Күштердің жоғары техникалық жарактандырылуын қамтамасыз етуді қамтитын бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізу міндеті жүктелген. Бұл басқа елдерден қару-жарак пен арнайы техниканы сатып алуды көздейді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскери-техникалық саясатының тәсілдері Қазақстанның бірыңғай әскери-техникалық саясатымен қалай келісілетін болады? Бұл норма Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына өзгерістер енгізуге әкеп соқтырмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұлтан Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Ұлттық заңнамаға қазіргі уақытта өзгеріс енгізу қажет емес.

Мы должны отметить, что в Организации Договора о коллективной безопасности имеются различные формирования:

миротворческие силы;

силы оперативного реагирования;

силы быстрого развертывания.

Эти формирования – часть вооруженных сил, которые будут вооружаться однотипными средствами вооружения и техникой. Остальное должно иметь оперативную совместимость, о чем я отвечал в предыдущем вопросе, и обеспечивать наиболее выгодное положение Вооруженных Сил Казахстана по новым технологичным и передовым средствам вооружения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жанна Бейсентайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі күні халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде.

Бұл міндет тек Орталық Азия өңірі үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастыққа да өзекті. Атап айтсақ, қазіргі уақытта халықаралық қауымдастық Біріккен Ұлттар Ұйымына азық-түлік, тұрғын үй, медициналық құрал-жабдықтар мен материалдық-техникалық қолдауды қоса алғанда, төтенше және ұзақ мерзімді көмек операцияларын өткізу бойынша жүгінеді.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық негізінде жаңа сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл атқару және туындайтын қауіптердің алдын алу, іргелі себептерді жою міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасауда.

Бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың аса маңызды бағыттарының бірі.

Келісімді ратификациялау қажеттілігі, ең алдымен, ұжымдық күштерді материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуде тараптар арасындағы құқықтық тетіктерді ретке келтіру болып табылады. Сонымен қатар қабылдаушы немесе басқа бір тарап өз елінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұлттық мүдделерге нұқсан келтірместен әскери қызметшілерге бірдей жағдай қалыптастырады.

Келісім бойынша тараптар міндеттерді орындаған кезде әскерге материалдық-техникалық, медициналық қолдау көрсету өтеулі немесе өтеусіз негізде атқарылады және даярлық жұмыстарының саясатын жүргізеді.

Заң әскери қызметшілерді толық, жеткілікті және уақытылы қамтамасыз ету бойынша әскери қызметтің негізгі қағидаттарын жүзеге асырады және ұжымдық күштер қызметінің тиімділігін арттырады.

Құрметті депутаттар, заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін қаралған заңдар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қызметіне қатысты жекелеген мәселелерді реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, ұйымның бітімгершілік әлеуетін Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қолдану мүмкіндігі қарастырылды.

Сонымен қатар заңдар аясында мүше мемлекеттердің құқықтық көмек көрсету, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылдарының негіздері мен шарттары анықталады.

Жалпы, осы заңдар ұйымның бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту жолындағы іс-шараларының тиімділігін арттыруға оң үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Нұрмұхамбетов Ғауез Торсанұлына беріледі.

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! В текущем году в Костанайской области с началом уборочных работ сложились крайне неблагоприятные погодные условия, на всей территории идут затяжные дожди. В августе по области выпало 81,4 миллиметра осадков, или в 2,5 раза больше среднемноголетних. На 13 сентября осадки уже превысили месячную норму в 2 раза, выпало 34,4 миллиметра, на октябрь прогноз также неблагоприятный.

На текущий период по области обмолочено чуть более 1 миллиона гектаров зерновых, или 24 процента от уборочной площади. Из-за чрезмерных осадков началось прорастание зерна в колосе. Зерновые в настоящий период проросли на площади 550 тысяч гектаров, или 17 процентов от неубранной части посевов.

В связи с затягиванием уборочных работ, недопущением массового прорастания на посевах сельхозформирования вынуждены обмолачивать зерновые культуры несмотря на повышенную влажность.

В некоторых районах области имеют место факты гибели урожая из-за осадков в виде града.

Часть посевов в Аулиекольском, Амангельдинском, Жангельдинском, Наурзумском, Камыстинском, Аркалыкском районах также были уничтожены дикими животными (сайгаками), где урожайность после потравы составила 1,5-2 центнера с гектара.

Продолжающееся ухудшение погодных условий затрудняет уборку, снижается качество зерна, большие объемы будут отнесены к неклассному фуражному зерну. Ситуацию усугубляют и низкие цены на сельхозпродукцию. Снижение качества ведет к сокращению запасов семенного материала на следующий год. Скорее всего, придется импортировать.

Остро стоит вопрос обеспечения хлебоприемных предприятий дизельным топливом на сушку зерна. От их бесперебойной работы зависит сохранность зерна, поступающего на элеваторы с большой влажностью.

Для снижения последствий неблагоприятных погодных условий в уборочный период, максимального обеспечения сохранности урожая сельхозформирования Костанайской области поднимают следующие вопросы:

выделение хлебоприемным предприятиям области на сушку продукции 6,5 тысячи тонн дизельного топлива по ценам, установленным для сельхозтоваропроизводителей – 250 тенге за 1 литр;

продлонгация по заявкам сельхозтоваропроизводителей обязательств по программам кредитования весенне-полевых и уборочных работ через Аграрную кредитную корпорацию, «Продкорпорацию» и «КазАгроФинанс» со сроком исполнения в текущем году, без применения штрафных санкций на один календарный год;

зарезервировать для использования на семена в 2024 году 306 тысяч тонн зерна «Продкорпорации», находящегося на хранении на хлебоприемных элеваторах области;

отменить НДС аграриям при закупе и ввозе импортных семян;

для ускоренного вывоза и сушки влажного зерна установить мораторий на требования по загрузке автотранспорта при перевозке продукции с полей на складские помещения и хлебоприемные предприятия;

снятие ограничения на экспорт подсолнечника, предусматривающего в настоящее время пошлину в размере 100 евро за 1 тонну;

с учетом прогноза больших объемов фуражного зерна и отсутствием рынков сбыта для его реализации рассмотреть возможность максимального использования его внутри страны, в том числе предусмотреть финансирование доставки фуражного зерна для животноводства в другие области страны, льготное кредитование предприятий для закупа фуражного зерна;

возместить ущерб, причиненный дикими животными (сайгаками);

организовать в текущем году закуп максимальных объемов сельхозпродукции через «Продкорпорацию» по приемлемым для сельхозтоваропроизводителей ценам.

Хотел отметить, что аналогичные погодные условия в период уборочных работ сложились в Северо-Казахстанской и Акмолинской областях.

Как известно, в зерносеющих северных регионах страны основная часть населения обеспечивается работой за счет деятельности сельхозформирований. Сложившаяся обстановка может негативно отразиться на их материальном благополучии, данная ситуация усугубляется резким возрастанием социального напряжения.

В целях недопущения ухудшения возникших проблем по уборочной кампании и обеспечения сохранности урожая просим Вас в кратчайшие сроки оказать содействие в решении вышеназванных вопросов.

Полный текст депутатского запроса будет направлен Вам в письменном виде.

Құрметті Сенат депутаттары Ғ. Нұрмұхамбетов, О. Перепечина, Н. Бекенов, Т. Жүнісов, С. Карплюк». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында жүргізілген жер реформасы барысында пайда болған шартты жер иелеріне қатысты дау-дамайлар осы күнге дейін басылмай келеді. Соңғы жылдары тіпті өршіп бара жатыр деп айтуға болады.

Уақытында жеке үлесі ретінде шартты түрде бөлінген жерлерін рәсімдеп ала алмай, заңды тұлғалардың біріне тіркеліп, пайдасын көре алмай жүрген, болмаса жерден айырылып қалған азаматтардың саны күннен-күнге артып келеді. Жергілікті органдар да, сала министірлігі де бұл проблемамен айналысқысы келмей, бір-біріне, болмаса сотқа сілтеумен келеді.

Аталмыш мәселелер Парламент депутаттары тарапынан да, бұқаралық ақпарат құралдарында да талай көтеріліп жүр.

Мұндағы басты мәселелер:

ауыл шаруашылығы ұйымдарының жарғылық қорына «салым» немесе «жарна» ретінде берілген жер үлесі үшін тұрғындарға белгіленген «сыйақылардың» мардымсыздығы немесе мүлдем төленбеуі;

жер үлестерінің қаржы ұйымдарына кепілге заңсыз беріліп кетуі;

үлескерлердің шаруашылықтардың құрамынан шығудағы қиындықтары және тағы басқалары.

Сонау 1993 – 2001 жылдар аралығында кеңшарлар мен ұжымшарларды жекешелендіру барысында ауыл тұрғындарына 2,3 миллион дана жер үлесінің куәліктері таратылған. Нәтижесінде 264 мың шаруа қожалықтары мен 20 мыңнан астам ауыл шаруашылығы ұйымдары құрылған. Олардың басым көпшілігі тұрғындардың жер үлестерін осы күнге дейін пайдаланып келеді.

Жер үлестеріне қатысты дауласып, бір-бірімен айтысып құқық қорғау органдарына жүгініп жүрген азаматтардың жанайқайы жыл сайын күшейіп барады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мәліметінше елімізде осындай 81 мың жер үлесі иелері мен 169 проблемалық кәсіпорын анықталған, олардың есебінде 4,1 миллион гектар ауыл шаруашылығы жері бар. Ал 868 мың гектар жер қаржы ұйымдарына заңсыз кепіл ретінде қойылып кеткен.

Қазіргі кезде жер үлестерін заңды тұлғалардың жарғылық қорына берген азаматтар туралы нақты деректер жоқ. Кейбір ұйымдардың иелігінде қайтыс болған немесе сенімгерлік басқаруға беріп, шетелге көшіп кеткен адамдардың да жер үлестері болуы мүмкін. Ал Жер кодексінің 103-бабына сәйкес ондай адамдардың құқықтары тоқтатылуы тиіс. Өкінішке қарай, ширек ғасыр өтсе де бұл жерлерді түгендеп, заңдастырып жатқан ешкім жоқ.

Күрмеуі шешілмей тұрған тағы бір мәселе – банкротқа ұшыраған шаруашылықтардың орнына келген инвесторлар мен бұрынғы үлескерлердің арасындағы дау-дамай. Инвесторлар банкрот шаруашылықтардың қарыздарымен қатар банкроттың «мүліктік массасына» енген жер үлесі иелерінің талаптарын да орындап келеді.

Әрине, тұрғындар өз жер үлестерінен пайда көрулері керек. Алайда жоғары сыйақы ұсынатын жаңа инвесторлар іздеп, пай үлестерін шаруашылықтың ең құнарлы жерлерінен бөліп беруді талап етіп, дауласып жүрген «жосықсыз» үлескерлер де көбейіп келеді. Олардың арасында ауылға мүлдем қатысы жоқ азаматтар да бар.

Бұндай жағдай тұрақты жер пайдаланушылар мен өнім өндірушілердің қалыптасуына және өндіріс тұрақтылығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан жер үлесі иелерінің құқығымен қатар жауапкершілігін де белгілеп, шаруашылықтардағы жер үлестеріне қатысты ашықтықты қалыптастыру керек.

Аталғандардың негізінде Үкімет тарапынан келесі мәселелерді қарастыру қажет деп есептейміз:

біріншіден, ауыл шаруашылығы ұйымдарының жарғылық қорына салым мен жарна ретінде берілген жер үлесі иелерінің бірыңғай реестрін қалыптастыру;

екіншіден, жарғылық қорға берілген жер үлесі иелеріне тиесілі сыйақы мөлшері туралы ақпараттардың жетімділігін қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізу;

үшіншіден, қаржы ұйымдарына кепіл ретінде заңсыз қойылған үлес жерлерді қайтарудың әдістемесі мен алгоритмін әзірлеу;

төртіншіден, жергілікті атқарушы органдар тарапынан шаруашылық құрылтайшылары мен жер үлесі иелерінің құқықтары туралы, дивидендтерді бөлудің ашықтығын қамтамасыз етуге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;



бесіншіден, жер үлесі иелерінің ауыл шаруашылығы ұйымдарынан шығу жолдарының оңтайлы, бірақ шаруашылық жүргізуге кері әсер етпейтін тетіктерін қарастыру;

алтыншыдан, ауыл шаруашылығы саласында оңалту және банкроттық рәсім нәтижесінде қайта құрылған ұйымдардың жер учаскелеріне қатысты құқықтарын нақтылау.

Құрметпен Парламент Сенатының депутаттары Ә. Бектаев, Е. Әйткенов, С. Дүйсембинов, Ж. Жәргенбаев, С. Арубаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады. Қысқаша мәтіні.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы экономикалық бағыттардың негізгі мақсаттары елімізде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін қаржы, салық, несие және бюджет саласындағы саясатты сәйкестендіріп, үйлестіру қажеттігі туралы бағыттар да белгіленді. Соның ішінде бюджеттік процестерді оңтайландыруды, түбегейлі өзгерістер мен уақытылы шешімдер қабылдауды талап ететін бюджетаралық қатынастарды жетілдірудің маңыздылығы өте зор.

Бұл ретте қолданыстағы бюджеттік жүйеде «блоктық бюджеттің» негізгі қағидаттарының жұмысын қамтамасыз ету үшін және бюджет шығыстарын жіктеу үшін сипаттағы шығыстарды топтастыра отырып блоктарға бөлу ұсынылады.

Жолдауда көрсетілгендей, еліміз жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру қажет. Сондықтан бюджетті атқару барысында аймақтық бюджет бағдарламалары әкімшілерінің қаражаттарды дербес бөлу құқығын кеңейту ұсынылады. Осыған байланысты бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру мақсатында қолда бар елеулі резервтерді ескере отырып, келесі ірі салықтардың бір бөлігін жергілікті бюджетке беру мүмкіндігін қарауды сұраймыз. Мәселен:

белгілі бір жылдық жиынтық табысы бар, белгіленген ірі бизнес субъектілерінен корпоративтік табыс салығын беру;

шағын және орта бизнестен өнген қосылған құн салығын беру;

пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтарды және өзге де төлемдерді беру ұсынылады.

Жергілікті бюджетке қосылған құн салығынан түсетін тәуекелдерді төмендету үшін қосылған құн салығын жергілікті бюджетке қайтаруды республикалық бюджет арқылы көздеуді ұсынамыз.

Ауылдық, аудандық бюджеттерге байланысты келесі ұсыныстар енгізіледі:

корпоративтік табыс салығының және жеке табыс салығының бір бөлігін аудандық бюджетке беруді;

шағын және орта бизнестен өнген қосылған құн салығын және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтарды аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне беруді;

облыстық бюджетке әлеуметтік салықты беру сияқты мүмкіндіктерді қарауды сұраймыз.

Бұдан басқа жергілікті жерлерде қордаланып қалған өзекті мәселелерді шешуді жеделдету үшін жергілікті атқарушы органдарға іс-шараларды қаржыландыруда салықтық жеңілдіктерді ұсына отырып, мәслихаттардың келісімі арқылы шешу құқығын беру ұсынылады.

Сонымен бірге бүгінде бизнестегі қызметтің басым түрлерін айқындайтын республикалық комиссияның немесе Үкімет шешімі арқылы ұзақ қаралатын осы мәселелерді жергілікті атқару органдарына мәслихат келісімі арқылы шешу құқығын беру ұсынылады.

Құрметті Әлихан Асханұлы, осы депутаттық сауалды қарау бойынша жауапты заңда белгіленген мерзімде ұсынуды сұраймыз.

Құрметпен Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой.

«Уважаемая Тамара Босымбековна! В ходе встреч в регионах со стороны медицинских организаций и их объединений выражена серьезная обеспокоенность в связи с планируемым внедрением Министерством здравоохранения и Фондом социального медицинского страхования новых требований к организациям здравоохранения, оказывающим первичную медико-санитарную помощь населению.

Согласно планируемым нововведениям количество прикрепленного населения к субъекту первичной медико-санитарной помощи не должно быть менее 10 тысяч человек. Также устанавливается запрет на передачу объемов услуг и средств на соисполнение не более 50 процентов на городском уровне и до 30 процентов на областном уровне.

Несоблюдение указанных требований станет основанием для отказа в заключении с медицинскими организациями договоров на оказание населению первичной медико-санитарной помощи. Говоря проще, сокращение одного из важных источников финансирования для частных поликлиник. При этом нужно понимать, что добросовестные предприниматели вложили собственные средства, взяли кредиты, дорогостоящее оборудование в лизинг, создали рабочие места.

Возникает резонный вопрос: неужели у нас полностью решена проблема с доступностью и мобильностью медицинских услуг для населения, о чем говорил Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем Послании еще в 2020 году?

Допускаю, что имеют место нарушения со стороны отдельных представителей бизнеса. И в данной сфере, безусловно, необходим должный контроль. Но, быть может,

регуляторам все-таки стоит совершенствовать не количественные, а качественные требования к медицинским организациям, причем как к частным, так и к государственным, создавать условия для роста уровня оказываемых услуг.

Сегодня стремительно развивается процесс урбанизации, в городах появляются новые кварталы, где ощущается острая нехватка поликлиник. Эти белые пятна как раз и способны закрыть частные клиники. Ведь ресурсы государства безграничны.

На встрече с бизнес-сообществом 12 сентября текущего года Глава государства сказал буквально следующее: «Госаппарат не должен видеть в каждом бизнесмене потенциального нарушителя закона».

Государство обязано помогать предпринимателям. Но у предпринимателей возникают обоснованные риски одномоментного прекращения деятельности большого количества частных клиник, небольших центров семейного здоровья, которые оказывают первичную медико-санитарную помощь менее чем 10 тысячам человек.

При этом, по данным Министерства здравоохранения, в стране функционируют более 5,5 тысячи медицинских организаций первичной медико-санитарной помощи. Значительная их часть является частными и уже сегодня потенциально не соответствующими вновь вводимым требованиям.

Кроме очевидных негативных экономических последствий и ухудшения условий для субъектов МСБ, не приведет ли данное решение к ограничению возможности получения своевременной медицинской помощи большим количеством граждан нашей страны, прежде всего в регионах, не приведет ли к перегруженности государственных поликлиник, очередям и прочим неудобствам?

Напомню, что в соответствии с пунктом 1 статьи 29 Конституции граждане имеют право на охрану здоровья.

В этой связи предлагаем:

Министерству здравоохранения провести оценку социально-экономических последствий вводимых требований к медицинским организациям и совместно с НПП «Атамекен» провести анализ регуляторного воздействия данного документа;

разработать качественные требования к медицинским организациям для финансирования услуг первичной медико-санитарной помощи в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, предусмотрев соответствующий переходный период;

разработать механизм заключения долгосрочных договоров на 3-5 лет с медицинскими организациями на предоставление услуг первичной медико-санитарной помощи.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, депутаты Сената Большерт, Кузиев, Ниязова, Шиповских, Сатвалдиев». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрге бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы биылғы қыркүйектегі Жолдауында еліміздің туристік әлеуетін пайдалану керектігі туралы айтқан еді.

2022 жылы туризмнен 389 миллиард теңге салық түскен, шетелден келген әр екі турист бір жұмыс орнының ашылуына септігін тигізеді.

Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметтері бойынша туризм табыстылығы жағынан мұнай өндіруден кейінгі екінші орында. Демек туризм саласын дамыта отырып, оны экономиканың толыққанды драйверіне айналдыруға болады. Ал бізде оған толық мүмкіндіктер бар. Мысалы, Алматы және Жетісу облыстарындағы Алакөл және Балқаш көлдерінің, Қапшағай су қоймасының жағалауларын, ұлттық табиғи саябақтардағы экотуризмді дамытуға басымдық бере отырып, осы өңірлерде туризмді дамытып, инвесторлар әкелуге болады. Бірақ тиісті инфрақұрылымның жоқтығы оған тежеу болуда. Мәселен, «Талдықорған – Өскемен» тас жолында жөндеу жұмыстарының бітпегенін, жол бойында абаттандырылған санитариялық-гигиеналық тораптардың жоқтығын көрдік.

Жазғы демалыс уақытында Алакөл жағалауындағы демалыс аймақтарында электр энергиясы қуатының жетіспеушілігі байқалады, интернет пен байланыс сапасы сын көтермейді, жағалауларды бекіту жұмыстарын жүргізуге бөлінген қаражат үш жылдан бері игерілмей келе жатыр.

Есік көлінің аумағында жеке гигиена пункттері, қоқыс жәшіктері, көрнекі ақпараттық стендтер мен нұсқаулықтар, телефон байланысы мен интернет секілді қарапайым қажет жағдайлар жасалмаған, демалыс объектілері абаттандырылмаған. Мұндай жағдайда қауіпсіздік пен жайлылықты қалай қамтамасыз етеміз?

Туризм саласын ілгерілету мақсатында Жетісу облысы әкімдігімен дайындалған, сметалық құны 4,9 миллиард теңгені құрайтын Балқаш демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желілерін салу жобасы әлі шешімін таба алмауда. Көлге баратын жолдың да бес жылдан бері жөндеу жұмыстары бітпей келеді.

Талғар ауданындағы «Оi-Qaragai» тау шаңғысы кешенінің мүмкіндігі әлі күнге толық пайдаланылмай келеді.

Туристік мақсатта келген шетелдіктер орта есеппен елімізде төрт күн ғана болған деген ақпарат бар, ал үш-төрт күнде ең болмаса бір қаланы аралап үлгеруге болады ма?

2022 жылдың қаңтар-қыркүйек айында елімізге келуші туристердің саны 3,4 миллион адам болса, басқа елдерге демалуға барған қазақстандықтардың саны 5,6 миллион. Отандастарымыздың басым бөлігі елімізде демалғаннан гөрі шетелге шығып демалуды қалайды, себебі қызмет көрсету сапасы біздікінен әлдеқайда жоғары.

Шаруа қожалықтарына туристерге қызмет көрсету үшін қонақ үйлер мен глэмпингтер салуға, экологиялық таза тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасау фермерлердің табысын көбейтіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, туризмді дамытуға оң әсер етер еді.

Туристік саланы дамытудағы 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның күші биыл Үкіметтің қаулысымен жойылды, ал бүгінгі күнге қандай жұмыстар атқарылды? Елімізде қолайлы туристік климат құра алдық па? Яғни мемлекет тарапынан туризмді нақты дамытуға жағдай жасайтын бағдарламаның, тиісті жүйенің жоқтығы, мемлекеттік органдардағы бюрократия, ұлттық парктер мен туризм саласын

реттейтін заңдар арасындағы үйлесімдіктің жоқтығы кедергі болуда. Осы саладағы бизнес өкілдері өз бетінше тіршілік жасап жатқандарын байқаймыз. Сондықтан туризмді экономиканың толыққанды драйверіне айналдыруға нақты жағдай жасайтын, еліміздің туристік әлеуетін толық пайдалануға бағытталған, әсем табиғатымызды әлемге әсерлі етіп жеткізе алатын, демалыс аймақтарын тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ете алатын жаңа мемлекеттік бағдарлама әзірлеу ұсынылады.

Депутаттық сауалдық толық нұсқасы қосымша жолданады.

Заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

Құрметпен депутаттар С. Дүйсембинов, Ғ. Сарыбаев, А. Толамисов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында еліміз үшін маңызды айрықша мәселелермен бірге су шаруашылығы жүйесін тиімді дамытудың басымдықтарын айқындады.

Елімізде су қорының проблемасы ең өзекті аймақтың бірі – Сыр бойы және Арал өңірі. Көксарай су реттегішінің техникалық жағдайына байланысты жобалық көлеміне дейін су жинақтау мүмкіндігінің шектелуі салдарынан Қызылорда облысында өте күрделі су тапшылығы қалыптасты.

Кіші Арал теңізіне белгіленген су лимитінің толық жеткізілмеуі, сондай-ақ Қырғыз Республикасында 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін энергетика саласында төтенше жағдай режимінің енгізілуі Арал-Сырдария бассейніндегі жағдайды одан әрі күрделендіруде.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қызылорда облысында су шаруашылығы ахуалын түзеу және Арал теңізінің одан әрі тартылуына жол бермеу үшін жедел шаралар қабылдау қажет.

Осы орайда сыр өңіріндегі су тапшылығын төмендету мақсатында қысқы, көктемгі кезеңде тасқын суларды жинақтау аса маңызды. Ол үшін «Қараөзек» су арнасында үш су тоспасын қалпына келтірген жағдайда 1 миллиард текше метрге дейін тасқын суларды жинақтап, Арал аймағындағы Қазалы ауданында 31 мың гектар суармалы, 120 мың гектар шабындық және жайылымдық жерді суармалы сумен тұрақты қамтамасыз ету, вегетациялық кезеңде Арал теңізін суландыру мүмкіндігі кеңейеді.

Су ресурстары комитеті Қараөзек арнасына салынатын су қоймасының жобалық құжатын әзірлеп, мемлекеттік сараптама қорытындысын алу үшін Қаржы министрлігіне ұсынды.

Сондай-ақ Жаңақорған ауданында су тапшылығын азайту, инженерлік жүйеге келтірілген егістік жерлерді сақтау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал азығын дайындау көлемін арттыру мақсатында 30 мың гектардан аса суармалы егістік жерлерді сумен қамтитын Келінтөбе магистральды каналына Сырдария өзенінен қосымша су келетін арнаның және каналдың бас сағасы аймағында су тоспасының құрылысын салу аса өзекті.

2022 жылы Қызылорда облыстық бюджетінің шұғыл шығындарға арналған резервінен бөлінген қаржы есебінен әзірленген Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе магистральды каналына су беретін канал қазу жобасының сметалық құжатына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілді.

Жобаны жүзеге асыру Келінтөбе каналына секундына қосымша 11-15 текше метр көлемінде су жеткізуге болады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Су ресурстары және ирригация министрлігіне Қызылорда облысында қалыптасқан су тапшылығы мәселесін жүйелі бақылауға алып, 2023 жылдың бюджетін қайта бағыттау кезеңінде жедел шешуді тапсыруыңызды сұраймын.

Құрметпен депутат Р. Рүстемов». Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Босымбекқызына.

Бүгін елімізге, оның болашағына қатысты маңызды мәселені көтергім келіп отыр.

Теледидарды ашып қарасаңыздар, оның бірінші бетінде шетелдік телесериалдар мен шетелдік мультфильмдердің тұратыны бәрімізге мәлім. Шетелдік телесериалды сатып алу үшін біз бюджеттен миллиондаған қаражат жұмсайтынымыз анық. Егер бюджеттен жұмсалатын осы қаражатты елімізде қалдыратын болсақ, біздің экономикамызды дамыту үшін, өзіміздің отандық мамандарды қолдау үшін, өзіміздің кино саласын дамыту үшін бірнеше мәселені шешуге болатын еді.

«Теледидар біздің қоғам өмірінде үлкен рөл атқарады. Ол біздің азаматтардың талғамын, пікірлерін және құндылықтарын қалыптастырады. Бүгін біз өзіміздің мәдени болмысымызбен шығармашылық салаларымызға қысым жасайтын шетелдік сериалдардың толқынына тап болдық.

Біздің экрандарымызда шетелдік телехикаяларды көрсетуді шектеу бұл отандық кино өнімдерін дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда теледидарды көру бойынша ірі қалаларда күн сайын 47 пайыз, апта сайын 72 пайыз адам теледидарды көреді екен. Жалпы, теледидардағы шетелдік өнімнің көптігі ұлттық мәдени сәйкестікке қауіп төндіреді. Шетелдік сериалдарда басқа мәдени стереотиптер мен құндылықтар басым. Бұл халыққа теріс әсер етуі мүмкін.

Шетелдік телехикаяларға тыйым салу немесе шектеу қазақстандық телевизия индустриясының дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Мысалы, елімізде сериалдар мемлекеттің арқасында пайда болуда: бюджет ақшасына жылына бірнеше сериал түсіріледі. Бұл өте аз.

2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасы бойынша 2022 жылы мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеңберінде өндірілген сериалдың саны 251 болса, алдағы үш жылда олардың саны өспейтінін көріп отырмыз.

Мемлекеттік тапсырма шеңберінде өндірілген сериялық өнімнің саны 15 мың 132 минуттан 9 мың 720 минутқа қысқарып отыр.

Кино өндірісін қаржыландыруға тоқталайын. Егер Қазақстанда әр түрлі бағдарламалар бойынша серия түсіру үшін төлем 6 мыңнан 30 мың АҚШ долларына дейін



болса, Ресейде серия түсіру үшін 200 мыңнан 400 мың АҚШ долларына дейін жұмсалады екен.

Шетелдік телехикаяларға тыйым салу және өз өндірісіндегі киноиндустрияны дамыту жөніндегі халықаралық тәжірибе алуан түрлі. Мысалы, Францияда телеарналарды француз фильмдерінің белгілі бір санын таратуға міндеттейтін заңдар бар. Сондай-ақ киноиндустрия үшін салықтық жеңілдіктер бар. Оңтүстік Корея киноиндустрияға қаржылық қолдау, салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар ұсынады. Үндістанда кинотеатрларды үнді фильмдерінің белгілі бір санын көрсетуге міндеттейтін квота жүйесі бар.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып келесі шараларды ұсынамыз.

1. Отандық телеарналарда шетелдік телехикаяларды көрсетуді шектейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу арқылы шетелдік телехикаяларды шектеу.

2. Отандық индустрияны қаржылық қолдау. «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңның 28-бабында бекітілген отандық телеарналардың апта сайынғы телерадио хабарларын тарату көлемінде отандық телебағдарламалардың ең аз санын арттыру туралы мәселені қарау.

3. Кино және теледидар саласында білім беру бағдарламаларын құру арқылы, атап айтқанда, қазіргі уақытта өзекті салалар бойынша ғылым, жаңа технологиялар, өнеркәсіптің даму тенденциялары, мәдениет, тарих және тағы басқа да бағдарламаларды эфирге шығару.

4. Шетелдік контентті теледидарда реттеуде халықаралық тәжірибені зерттей отырып қорытынды жасау.

Құрметті Тамара Босымбекқызы, депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша сіздің ұстанымыңызды жазбаша түрде баяндауды және заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Настоящим депутатским запросом поднимаются вопросы состояния законности в сфере экспорта лома черных металлов за 2020 – 2022 годы и истекший период текущего года. За данный период из Казахстана в страны Евразийского экономического союза экспортировано почти 5 миллионов тонн лома и отходов черных металлов стоимостью 30,4 миллиарда тенге, основной объем (99 процентов) закуплен российскими предприятиями.

Вместе с тем в третьи страны реализовано 537,5 тысячи тонн лома и отходов черных металлов стоимостью почти 60 миллиардов тенге. Из данной статистики очевидно, что местным предпринимателям гораздо выгоднее экспортировать продукцию в третьи страны, где цена закупа выше, чем в России и Казахстане.

Однако Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан без мнения предпринимателей и серьезных оснований приняло пять

нормативных правовых актов, предписывающих ограничения на экспорт лома, и разрешило вывоз только железнодорожным транспортом. Тем самым в нарушение пункта 3 статьи 2 Предпринимательского кодекса Министерство индустрии и инфраструктурного развития необоснованно установило привилегированное положение отдельно взятых субъектов бизнеса и ограничило права предпринимателей, которые вывозили лом автотранспортом.

В последующем приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития «О некоторых вопросах транспортировки лома и отходов черных и цветных металлов» с 3 мая 2023 года введен полный запрет на экспорт лома сроком на 6 месяцев всеми видами транспорта.

Ввиду принятия ограничительных мер, существенного занижения стоимости покупки лома металлоперерабатывающими предприятиями и систематических задержек по его оплате с 2020 года по республике вынужденно закрыли либо приостановили деятельность более 1,5 тысячи предприятий. Эта проблема на протяжении последних лет остается без внимания Правительства.

Необходимо отметить, что от экспорта лома за указанный период в бюджет поступило порядка 40 миллиардов тенге.

В целом ломозаготовители готовы снабжать сырьем местные предприятия при поддержке их деятельности со стороны Правительства. Наряду с этим ломозаготовители ходатайствовали предоставить информацию о порядке создания плавильного завода для производства слитков из металла, что позволило бы экспортировать изделие как готовую продукцию. Однако данный вопрос в настоящее время не разрешен.

Подобные проблемы неединичные и имеют место в каждом регионе.

Кроме того, существуют проблемы контроля и надзора за субъектами, осуществляющими сбор, хранение, переработку и реализацию лома черных металлов. При этом за Комитетом индустриального развития министерства не закреплены соответствующие контрольно-надзорные функции. В результате он лишен правовой возможности привлечения лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность, без направления уведомления к административной ответственности. Поэтому повсеместно происходят кражи люков канализационных колодцев, вырезаются кабели и так далее.

На основании изложенного для разрешения вышеуказанных вопросов предлагается рассмотреть возможность:

предоставления квоты на экспорт лома черного металла с обеспечением доступной логистики через железные дороги либо равномерно распределить лом на внутренний рынок с приостановлением импорта металла;

внедрения интегрированной информационной системы учета лома черных и цветных металлов, которая будет формировать баланс сбора и потребления металлолома в Республике Казахстан и способствовать достижению прозрачности на рынке и снижению теневого оборота;

перевода деятельности субъектов бизнеса с уведомительного порядка на лицензионный с разработкой соответствующих правил выдачи лицензий и установлением квалификационных требований;

принятия подзаконных актов, предписывающих электронное ведение и формирование отчетности с последующей интеграцией с информационными системами органов государственных доходов и акиматов;

закрепления контрольно-надзорных функций за Комитетом индустриального развития для регулирования деятельности по сбору, хранению, переработке и реализации лома и отходов цветных и черных металлов;

утверждения формы отчетности и пояснения с указанием стоимости и объема каждого вида/подвида металла, оцифровать их, определить ответственность и меры за непредставление и (или) представление недостоверной отчетности.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин». Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақ даласының табиғатында кереметке толы көрнекті орындар жеткілікті. Солардың бірі деп Маңғыстау облысындағы Торыш тастарын айтуға болады.

Торыш тастары Ақтау қаласынан 100 шақырым жерде орналасқан. Маңғыстау ауданының жанында шамамен 30-40 гектар алқапты алып жатыр.

Бұл ерекше құбылыстар бойынша табиғаттың кереметін тылсым дүниемен ұштастыратын қарапайым халқымыздың арасында түрлі аңыздар бар.

Шар тәрізді конкрекциялардың пайда болуы бойынша нақты дәлелдер мен ғылыми қорытындылар жоқ. Дегенмен ғалымдар арасында Торыш тастарының пайда болуы бойынша өте ежелгі дәуірге жататындығы туралы әртүрлі түсініктер бар. Өкініштісі, қазақ даласының табиғаты сыйға берген құнды дүниелеріміз көп болса да оны әлі күнге дейін бағалай алмай отырмыз.

Дәл осындай шар әлемнің басқа да елдерінде бар. Мысалы, Австрия, Жаңа Зеландия, Коста-Рика, Мексика сияқты елдерде бар, бірақ бұлардың барлығы ірі мәдени ұйымдардың тізіміне енгізілген. Алайда Торышты дүниежүзіндегі өзге жұрт түгіл, өзіміздің халқымыз да аз біледі.

Кейбір елдер табиғатындағы ерекше құбылыстарын әлемге бренд ретінде танытып, туризм саласын дамытуға үлкен үлес қосып отыр. Мысалы, туризммен төрткүл дүниеге танылып отырған түрік ағайындар да болмашы нәрседен аңыз-әпсана жасап, шетелдіктердің қызығушылығын тудыруда. Олардың жүйелендірілген іс-шараларының арқасында табиғаттарының кереметін көру үшін алыс-жақыннан туристер тоқтаусыз ағылып жатады. Ал біз болсақ әлі күнге дейін өзгенің осындай жерлеріне таң қалып жүреміз. Біздің де аңыз өрген маңғаз мекенде неге бұл әдісті қолға алмасқа.

Қазіргі таңда Маңғыстауға келген саяхаттаушылардың аталған тастарға қызығушылық танытып жүргені мәлім. Саяхаттаушылардың сұраныстарына жауап беру үшін бұл тастардың пайда болуы бойынша арнайы зерттеу ұйымдастырудың және

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттау жүргізудің уақыты келді деп санаймыз.

Өкінішке қарай, табиғаттың сыйларына мән бермеуіміздің салдарынан Торыш алқабындағы тастарды мародерлер сындырып, ұрлап жатқан жағдайлар орын алып жатыр. Алып кете алмағандары сынған күйінде далада шашылып жатыр. Осыған облыстық мәслихаттың депутаттары, қоғам белсенділер бұқаралық ақпарат құралдары беттерінен өздерінің алаңдаушылығын білдіруде. Кез келген әлеуметтік желіде Торыш тастарының ұрлықтары бойынша толып жатқан түрлі бейнетүсірілімдер мен посттарды көруге болады. Кейбір дәмхана, мейрамхана иелері немесе бай-бағыландар осы тастарды есік алдына мүсін ретінде пайдаланып отыр. Алысқа бармай-ақ қояйын, осы Астана, Алматы, Маңғыстау, басқа да жерлерде сол Торыштың тастарының тұрғаны бәрімізге мәлім.

Қазіргі таңда бұл тастар ерекше қорғалатын объектілер ретінде еш жерде нормативтік құжаттармен бекітілмеген. Заң жүзінде бұл тастардың ешқандай статусы жоқ. Осыны түсінген «тапқыр азаматтар» Торыш тастарын сатуды кәсіпке айналдыруда. Ал құқық қорғау органдары тастардың ұрлану, сындыру фактілері бойынша заң жүзінде әкімшілік іс қозғай алмайды.

Аталған жағдайлар жалғасып, салғырттық танытып жүре беретін болсақ, қазақ даласында кездесетін құндылықтарымыздың болашақта жойылып кетуі әбден мүмкін.

Торыш тастарының жай-күйіне қатысты Маңғыстау облысының мәслихаттары және қоғам белсенділері алаңдаушылық білдіріп отырғандығын тағы да атап өткім келеді.

Сондықтан өркениетке бет бұрған бүгінгі қоғамда табиғаттың сыйға берген құндылықтарын қайтадан бір тиянақтап, жүйелендіру қажет деп санаймын.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда аталғанның негізінде келесі шаралардың шешу жолдарын қарастыруды сұраймыз:

- 1) Торыш тастарын ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде тану шараларын қолға алуды;
- 2) зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы жоба әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды;
- 3) Маңғыстау облысының туристік маршрутына «Торыш тастары» ауданын енгізуді.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруді сұраймын.

Құрметті депутаттар Б. Орынбасаров, С. Алдашев, С. Мәкежанов, Г. Шиповских, Н. Ниязова, А. Нухұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**

**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2023 жылғы 14 қыркүйек**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Соглашение о миротворческой деятельности Организации Договора о коллективной безопасности от 6 октября 2007 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности САРЫБАЕВА Г.Т. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

БЕКЕНОВ Н.Ж. .... 2

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан ..... 3

МЕДЕБАЕВ С.Т. .... 3

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. .... 4

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения по вопросам юрисдикции и оказания правовой помощи по делам, связанным с временным пребыванием формирований сил и средств системы коллективной безопасности на территориях государств – членов Организации Договора о коллективной безопасности», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі С.М. ЕРШОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЕРШОВА С.М. .... 5

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

АРҒЫНБЕКОВА А.С. .... 6

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан ..... 6

ЖҮНІСОВ Т.Т. .... 6

СЕКЕНОВ Д.Ә. – Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры, Главный военный прокурор Республики Казахстан ..... 7

САТВАЛДИЕВ А.Г. .... 7

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о совместном материально-техническом и медицинском обеспечении Войск (Коллективных сил) Организации Договора о коллективной безопасности», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности АСАНОВОЙ Ж.Б. .... 8

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

РЫСБЕКОВА Л.Т. .... 9

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан ..... 9

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. .... 9

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. .... 10

САРЫБАЕВ Ғ.Т. .... 10

**Депутат Ғ.Т. НҮРМҰХАМБЕТОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУРМУХАМБЕТОВА Г.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 11

**Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 13

**Депутат С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**




Депутатский запрос депутата МАКЕЖАНОВА С.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	15
<b>Депутат Е.А. БОЛЬГЕРТТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата БОЛЬГЕРТА Е.А. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дүйсеновой Т.Б. ....	16
<b>Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ДҮЙСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	17
<b>Депутат Р.Р. РҮСТЕМОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата РҮСТЕМОВА Р.Р. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	19
<b>Депутат Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ТАСТЕКЕЕВА К.К. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дүйсеновой Т.Б. ....	20
<b>Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	21
<b>Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	23

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

 А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы

 Г. Молдашева